

№ исх: 06-3-03/79 от: 25.01.2022

№ вх: 291/ДС-352 от: 26.01.2022

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ
ДАМУ АГЕНТТІГІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»

А15С9Т5, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

А15С9Т5, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

2022ж.25.01. №06-3-03/79

Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісі
«Nur Otan» партиясы
фракциясының
депутаттары
Ә.М. Әбсеметоваға
М.А. Ахметовке
Ж.С. Әшімжановқа
Е.С. Бейсенбаевқа
Ф.Ә. Қаратаевқа
Н.Ж. Ожаевқа

29.12.2021ж. № ДС-352 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) депутаттардың микрокредиттерді электрондық тәсілмен ресімдеу кезінде идентификаттау талаптарын күшейтуге қатысты сауалын қарап, төмендегіні хабарлайды.

Агенттіктің тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп микрокредиттерді электрондық тәсілмен ресімдеу кезінде клиент телефонының және мобильдік байланыс операторлары деректерінің негізінде клиенттерді идентификаттау рәсімін енгізу мәселесі бойынша.

Жүйелік деңгейде микрокредиттерді электрондық тәсілмен берумен байланысты алаяқтыққа жол бермеу және микроқаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау үшін **Агенттік Басқармасының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 63 қаулысымен** Электрондық тәсілмен микрокредиттер беру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) өзгерістер енгізілді. Енді

микрокредитті қашықтан отырып алу үшін қарыз алушыны мына **үш тәсілдің бірімен** міндетті түрде идентификаттау талап етіледі:

- 1) **электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы;**
- 2) Ұлттық Банктің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығының Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы (бұдан әрі – ҰБ ҚБЕО СДАО) сервисін пайдалана отырып қарыз алушының **биометриялық өлшемдеріне** сәйкес келу;
- 3) қарыз алушының дербес деректерін және бейнесін **нақты уақыт режимінде екі факторлы тексеру арқылы.**

Жоғарыда көрсетілген шаралар қабылданғаннан кейін азаматтардың жалған микрокредиттерді ресімдеуіне шағымдар айтарлықтай азайды. Мәселен, 2021 жылғы мамыр – желтоқсан аралығында **245** жалған микрокредит ресімдеу оқиғасы тіркелді. Ал 2020 жылғы осындай кезеңде **1187** алаяқтық тәсілмен микрокредит ресімдеу оқиғасы тіркелген, яғни интернет-алаяқтық фактілері **79,35%-ға** азайды.

Бұған қоса басқа тұлғаға микрокредит ресімдеуге байланысты тәуекелдерді азайту үшін Агенттік 2021 жылғы желтоқсанда Агенттік Басқармасының **2021 жылғы 13 желтоқсандағы №108** қаулысымен «**Электрондық үкімет**» веб-порталы арқылы клиенттердің ұялы телефон нөмірлері базасында клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірін салыстырып тексеру жолымен осы абоненттік нөмірдің клиентіне тиесілі екенін тексеруді қамтамасыз ететін **мобильдік байланыс операторларының деректерімен салыстырып тексеру** немесе осы абоненттік нөмірдің клиентіне тиесілі екендігі туралы ақпарат алу арқылы **аутентификаттаудың** қосымша тәсілдерін енгізді.

Басқаша айтқанда, Қағидаларға енгізілетін өзгерістер ұялы байланыс операторларының деректерімен салыстыру арқылы клиентті идентификаттау рәсімдері бөлігінде күшейтілді.

Қарыз алушының деректерін мобильдік идентификаттау электрондық тәсілмен микрокредит алуға сұрау салу кезінде микроқаржы ұйымы (бұдан әрі – МҚҰ) сайтында клиент енгізген деректерді ұялы байланыс операторларының деректерімен салыстыру болып табылады, атап айтқанда:

- 1) жеке сәйкестендіру нөмірі;
- 2) ұялы байланыс құрылғысының абоненттік нөмірі;
- 3) жеке тұлғаға ұялы байланыс құрылғысының абоненттік нөмірін тіркеу фактісі.

Осылайша, клиенттің деректерін ұялы байланыс операторларының деректерімен қосымша салыстырып тексеру жүргізіледі, бұл өтініш берушінің жеке басын идентификаттауға және растауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бүгінгі күні ҰБ ҚБЕО СДАО жүйесіне электрондық тәсілмен микрокредиттер беруді жүзеге асыратын **25** МҚҰ-ның **17-і** қосылған. **8** МҚҰ бойынша ҚР ҚБЕО-мен техникалық ықпалдасу және шарттар жасасу бойынша іс-шаралар аяқталу сатысында. Аталған жұмыс ағымдағы жылғы 28 қаңтарға дейін аяқталады, бұл ҰБ ҚБЕО СДАО-ның биометриялық

сәйкестендіру құралдарын қолданумен электрондық тәсілмен берілетін барлық микрокредиттерді қамтуға мүмкіндік береді.

Бас прокуратурамен және тиісті құқық қорғау органдарымен бірлесіп интернет - алаяқтықты жою бойынша жедел ден қою шараларын әзірлеу мәселесі бойынша.

Азаматтардың құқықтарын қорғау мақсатында Қағидаларда сондай-ақ, микрокредиттерді алаяқтық тәсілмен ресімдеу жағдайлары анықталған кезде МҚҰ қабылдауға тиіс шаралар көзделген:

- мұндай микрокредит бойынша **сыйақы есептеуді** тоқтата тұру;
- клиент бойынша **шағым-талап жұмысын** тоқтату;
- жалған микрокредит алу үшін алаяқтық іс-әрекеттер жасауға тікелей кінәлі адамдарды анықтау мақсатында құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылды жалғастыру.

Зардап шегушінің микрокредит алмағанын растайтын заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде МҚҰ кредиттік тарихқа түзету енгізеді, қарыз алушылардың оларға алаяқтық тәсілмен ресімделген микрокредиттер бойынша берешектерін есептен шығару туралы шешім қабылдайды.

Сонымен қатар, әлеуметтік шиеленістің өсуіне жол бермеу үшін Агенттік Ішкі істер министрлігімен және Бас прокуратурамен бірлесе отырып 2021 жылғы 22 қазанда Электрондық тәсілмен берілген жалған қарыздар бойынша қарыз алушылардың берешектерін жедел есептен шығару алгоритмі белгіленген үшінші тұлғаларға электрондық тәсілмен микрокредиттерді ресімдеу фактілері бойынша ақпарат алмасу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Осы алгоритмге сәйкес Агенттік микрокредитті алаяқтық тәсілмен ресімдеу фактілері бойынша ішкі істер министрлігінен алынған ақпаратты ескере отырып, жалған микрокредит бойынша сыйақы есептеуді тоқтата тұру, зардап шегуші-МҚҰ қарыз алушысына қатысты наразылық-талап қою жұмысын тоқтату бойынша МҚҰ-ның шаралар қабылдауына мониторингті жүзеге асырады.

Ішкі істер органдарының ақпараты және зардап шегушінің микрокредит алмағанын растайтын өзге де мәліметтер негізінде Агенттік кредиттік тарихқа түзету енгізуге, МҚҰ-ның қарыз алушылардың алаяқтық тәсілмен өздеріне ресімделген микрокредиттер бойынша берешектерін есептен шығару туралы шешім қабылдауына бақылауды жүзеге асырады.

Мәселен, 2021 жылғы 22 қазаннан¹ бастап 2022 жылғы 21 қаңтар аралығындағы кезеңде **25** МҚҰ-ның атына **жеке тұлғалардан** жалпы сомасы **7,8** млн теңге үшінші тұлғалардың алаяқтық тәсілмен микрокредиттер ресімдеуі туралы **110 өтініш** келіп түсті. МҚҰ жоғарыда келтірілген фактілер бойынша мәліметтерді құқық қорғау органдарына жіберді.

¹ Үшінші тұлғаларға электрондық тәсілмен микрокредиттерді ресімдеу фактілері бойынша ақпарат алмасу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы меморандум жасалған сәттен бастап (2021 жылғы 22 қазан)

МҚҰ азаматтардың **110** өтініші бойынша мынадай шаралар қабылдады:

- **81** өтініш бойынша **5,6** млн теңге сомаға берешек есептен шығарылды және бірмезгілде кредиттік тарихқа түзету жүргізілді;

- қалған **29** өтініш бойынша сыйақы есептеу және шағым-талап қою жұмысы тоқтатылды. Құқық қорғау және (немесе) сот органдарынан алаяқтық фактісін растайтын процестік құжатты алғаннан кейін микрокредиттерді есептен шығару және кредиттік тарихты түзету бойынша іс-шаралар жүргізілетін болады.

Сондай-ақ, көрсетілген кезеңде МҚҰ-ның атына **құқық қорғау органдарынан** жалпы сомасы **828 мың теңгеге 5** МҚҰ-да **24** микрокредитті үшінші тұлғалардың ресімдегені туралы ақпарат келіп түсті.

МҚҰ 24 факт бойынша мынадай шаралар қабылдады:

- **150** мың теңге сомаға **2** факт бойынша микрокредиттер есептен шығарылды және азаматтардың кредиттік тарихы түзетілді;

- **678** мың теңге сомаға **22** факт бойынша сыйақы есептеу тоқтатылды, микрокредиттерді есептен шығару тергеу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Осылайша, Меморандумды іске асыру шеңберінде интернет-алаяқтық фактілерін жою бойынша жедел және тиімді ден қою жүзеге асырылуда.

Төраға

М. Әбілқасымова

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ
ДАМУ АГЕНТТІГІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»**

А15С9Т5, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

А15С9Т5, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

25.01.2022г. №06-3-03/79

**Депутатам Фракции
партии «Nur Otan»
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Абсеметовой А.М.
Ахметову М.А.
Ашимжанову Ж.С.
Бейсенбаеву Е.С.
Каратаеву Ф.А.
Ожаеву Н.Ж.**

На депутатский запрос от 29.12.2021г. № ДС-352

Уважаемые депутаты!

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка (далее – Агентство), рассмотрев запрос депутатов касательно усиления требований идентификации при оформлении микрокредитов электронным способом, сообщает следующее.

По вопросу введения Агентством совместно с соответствующими государственными органами процедуры идентификации клиентов на основании номера телефона клиента и данных операторов мобильной связи при оформлении микрокредитов электронным способом

На системном уровне для недопущения мошенничества, связанного с выдачей микрокредитов электронным способом, и защиты прав потребителей микрофинансовых услуг **постановлением Правления Агентства от 30 апреля 2021 года № 63** внесены изменения в Правила предоставления микрокредитов электронным способом (далее – Правила). Теперь, для удаленного получения микрокредита требуется обязательное проведение идентификации заемщика **одним из трех способов:**

- 4) **посредством электронно-цифровой подписи;**
- 5) **соответствия биометрическим параметрам** заемщика с использованием сервиса Центра обмена идентификационными данными Казахстанского центра межбанковских расчетов Национального Банка (далее - ЦОИД КЦМР НБ);
- 6) **посредством двухфакторной проверки** персональных данных и изображения заемщика **в режиме реального времени.**

После принятия вышеуказанных мер количество жалоб граждан на оформление фиктивных микрокредитов значительно уменьшилось. Так, с мая по декабрь 2021 года было зафиксировано **245** случаев фиктивных микрокредитов. В то время, как за аналогичный период 2020 года было зафиксировано **1187** случаев оформления микрокредитов мошенническим способом, то есть произошло снижение фактов интернет-мошенничества на **79,35%**.

Дополнительно для снижения рисков, связанных с оформлением микрокредита на другое лицо, Агентством в декабре 2021 года постановлением Правления Агентства от **13 декабря 2021 года №108** введены дополнительные **способы аутентификации** путем **сверки с данными операторов мобильной связи**, обеспечивающей проверку принадлежности клиенту данного абонентского номера или получения информации о принадлежности клиенту данного абонентского номера путем сверки индивидуального идентификационного номера клиента **в базе номеров мобильных телефонов клиентов посредством веб-портала «электронного правительства».**

Иными словами, изменения в Правила усилены в части процедур идентификации клиента путем сверки с данными операторов мобильной связи.

Мобильная идентификация данных заемщика будет заключаться в сопоставлении данных, введенных клиентом на сайте микрофинансовых организаций (далее – МФО), при запросе на получение микрокредита электронным способом, с данными операторов сотовой связи, а именно:

1. индивидуальный идентификационный номер;
2. абонентский номер устройства сотовой связи;
3. факт регистрации абонентского номера устройства сотовой связи на физическое лицо.

Таким образом, будет производиться дополнительная сверка данных клиента с данными операторов сотовой связи, что позволит идентифицировать и подтвердить личность заявителя.

Вместе с тем, на сегодня к системе ЦОИД КЦМР НБ, подключены **17** из **25** МФО, осуществляющих выдачу микрокредитов электронным способом. По **8** МФО мероприятия по технической интеграции и заключению договоров с КЦМР НБ находятся на завершающей стадии. Данная работа будет завершена до 28 января текущего года, что позволит охватить все выдаваемые микрокредиты электронным способом с использованием средств биометрической идентификации ЦОИД КЦМР НБ.

По вопросу выработки мер оперативного реагирования по устранению интернет-мошенничества совместно с Генеральной прокуратурой и соответствующими правоохранительными органами

В целях защиты прав граждан Правилами также предусмотрены меры, которые МФО должны принимать при выявлении случаев оформления микрокредитов мошенническим способом:

- приостановление **начисления вознаграждения** по такому микрокредиту;
- прекращение **претензионно – исковой** работы по клиенту;
- продолжение взаимодействия с правоохранительными органами в целях выявления лиц, непосредственно виновных в совершении мошеннических действий для получения фиктивного микрокредита.

На основании вступившего в законную силу решения суда, подтверждающего неполучение потерпевшим микрокредита, МФО вносит корректировку в кредитную историю, принимает решение о списании задолженности заемщиков по оформленным на них микрокредитам мошенническим способом.

Вместе с тем, для недопущения роста социального напряжения Агентством совместно с Министерством внутренних дел и Генеральной Прокуратурой 22 октября 2021 года подписан Меморандум о взаимодействии и сотрудничестве по вопросам обмена информацией по фактам оформления микрокредитов электронным способом на третьих лиц, которым установлен алгоритм оперативного списания задолженности заемщиков по фиктивным займам, выданным электронным способом.

В соответствии с данным алгоритмом Агентство, с учетом полученной от Министерства внутренних дел информации по фактам оформления микрокредитов мошенническим способом, осуществляет мониторинг за принятием МФО мер по приостановлению начисления вознаграждения по фиктивному микрокредиту, прекращению претензионно-исковой работы в отношении потерпевшего-заемщика МФО.

На основании информации органов внутренних дел и иных сведений, подтверждающих неполучение потерпевшим микрокредита, Агентство осуществляет контроль за внесением корректировки в кредитную историю, принятием МФО решения о списании задолженности заемщиков по оформленным на них микрокредитам мошенническим способом.

Так, за период с 22 октября 2021 года² по 21 января 2022 года в адрес **25** МФО поступило **110 заявлений от физических лиц** об оформлении на них микрокредитов мошенническим способом третьими лицами на общую сумму **7,8** млн. тенге. МФО по вышеприведенным фактам сведения направлены в правоохранительные органы.

МФО приняты следующие меры по **110** обращениям граждан:

²С момента заключения (22 октября 2021 года) Меморандума о взаимодействии и сотрудничестве по вопросам обмена информацией по фактам оформления микрокредитов электронным способом на третьих лиц.

- по **81** обращению списана задолженность на сумму **5,6** млн. тенге и одновременно проведена корректировка кредитной истории;

- по остальным **29** обращениям приостановлено начисление вознаграждения и претензионно-исковая работа. После получения от правоохранительных и (или) судебных органов процессуального документа, подтверждающего факт мошенничества, будут проведены мероприятия по списанию микрокредитов и корректировке кредитной истории.

Также, за указанный период в адрес МФО от **правоохранительных органов** поступила информация об оформлении третьими лицами в **5 МФО 24** микрокредитов на общую сумму **828 тыс. тенге**.

МФО приняты следующие меры по 24 фактам:

- по **2** фактам на сумму **150** тыс. тенге списаны микрокредиты и откорректированы кредитные истории граждан;

- по **22** фактам на сумму **678** тыс. тенге приостановлено начисление вознаграждения, списание микрокредитов будет осуществлено по результатам расследования.

Таким образом, в рамках реализации Меморандума осуществляется оперативное и эффективное реагирование по устранению фактов интернет-мошенничества.

Председатель

М. Абылкасымова

*Исп.: Шоланбаев Д.А.
тел.: 8(727) 237-1111*